

1. Белгілі бір аймақ шеңберінде қолданылатын сөздерді көрсетіңіз.

- A) диалект
- B) әдеби сөз
- C) варваризмдер
- D) кәсіби сөз
- E) эвфемизмдер

2. Анықтауышты табыңыз. Бүгін аспанда алақандай бұлт жоқ.

- A) Бүгін
- B) Алақандай
- C) Жоқ
- D) Аспанда
- E) Бұлт

3. Атаулы сөйлемді табыңыз.

- A) Су жылы екен.
- B) Сізге сәлем еді.
- C) Сәлем жолдады
- D) Мәдени-демалыс паркі еді.
- E) . Түн. Тыныштық.

4. Лепті сөйлемді табыңыз.

- A) Қас сұлуда мін болмас
- B) Көмірсіз тырп етіп көрші
- C) Түү, сіз қызық екенсіз
- D) Қалқам, көсегең көгерсін
- E) Бардың ғой, ә

5. Қазақ тілінде сөйлем айтылуы мақсатына қарай неше түрге бөлінеді?

- A) 4
- B) 6
- C) 7
- D) 5
- E) 2

6. Бұрынғы өткен шақтың жұрнағын табыңыз.

- A) –ғалы
- B) –ып
- C) –атын
- D) –ды
- E) –а

7. Қалау райлы етістікті табыңыз.

- A) толқыса
- B) көрген
- C) оқысаңыз
- D) айтсаңшы
- E) алса игі еді

8. Бастауыш қызметіндегі есімдікті табыңыз.

- A) Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.
- B) Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
- C) Жаңа жолдың басшысы – ол.
- D) Әркімді заман сүйремек
- E) Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп.

9. Басқа шырайларға негіз болатын сөзді анықтаңыз.

- A) сапалық сын есім
- B) жай шырай
- C) негізгі сын есім
- D) дара сын есім
- E) салыстырмалы шырай

10. Жіктік жалғауының көпше түрінің I жағын көрсетіңіз.

- A) Неткен жақсы едің!
- B) Орманға еніп бір-ақ тынықты.
- C) Онда кеше барғанбыз.
- D) Таратып ап кетіндер анау үйлерінді.
- E) Сен Асанның кіші баласысың ба?

11. Омоним бола алмайтын сөзді табыңыз.

- A) қой
- B) қала
- C) қол
- D) қате
- E) қара

12. «Ауру» сөзінің синонимдік қатарын табыңыз.

- A) дауа, шипа, ем
- B) айна, әйнек, терезе
- C) мерез, сырқат, кесел
- D) соқырішек, аққан, қышыма
- E) медбике, дәрігер, дәріхана

13. Синонимдес фразеологизмдерді табыңыз.

- A) Су жүрек – жүрек жұтқан

- B) Мойнына су кету – ит өлген жер
- C) Көз жұмды – жүріп кетті
- D) Көзге түртсе көргісіз – тайға таңба басқандай
- E) шашбауын көтеру – тақиясына тар келу

14. Бір сыңары кірме сөзден болған қос сөзді табыңыз.

- A) адам баласы
- B) азды-көпті
- C) тарс-тұрс
- D) оқу-білім
- E) ғылыми-көпшілік

15. Бітеу буынды табыңыз.

- A) ал
- B) төрт
- C) ата
- D) бала
- E) алға

16. Тасымал неге негізделеді?

- A) әріп
- B) ықпал
- C) дыбыс
- D) буын
- E) екпін

17. Төмендегі сөйлемде неше буын бар?

Бұл сыныптың тәрбиешісі өте қабілетті кісі.

- A) 14
- B) 15
- C) 13
- D) 17
- E) 16

18. Жақтың қатысына қарай дауыстының түрін табыңыз.

- A) езулік
- B) еріндік
- C) ашық
- D) жуан
- E) жіңішке

19. Қай сөйлемде «па» бірге жазылатынын көрсетіңіз.

- A) өтірік айт(па)
- B) от жанып(па)
- C) есікті ашып(па)

- D) ол келетінін айтып(па)
- E) дүкен жабық(па)

20. «Еш» сөзінің қай сөзбен бөлек жазылатынын көрсетіңіз.

- A) еш(қайсысы)
- B) еш(бір)
- C) еш(кім)
- D) еш(уақытта)
- E) еш(теңе)

21. «Әлде» сөзінің қай сөзбен бірге жазылатынын көрсетіңіз.

- A) әлде(адам)
- B) әлде(кім)
- C) әлде(көп) әлде(аз)
- D) әлде(он) әлде(жиырма)
- E) әлде(кісі)

22. «Әлде» сөзінің қай сөзбен бөлек жазылатынын көрсетіңіз.

- A) әлде(кім)
- B) әлде(қашан)
- C) әлде(қалай)
- D) әлде(адам)
- E) әлде(қандай)

23. «Қай» сөзінің бөлек жазылатын түрін көрсетіңіз.

- A) қай(күн)
- B) қай(сыбір)
- C) қай(сыбіреу)
- D) қай(бір)
- E) қай(да)

24. Болымсыз етістіктің жұрнағын көрсетіңіз.

- A) шөп шабылды(ма)
- B) ол келіп(пе)
- C) жамандыққа жуы(ма)
- D) жақсылықтың қаша(ма)
- E) өтірікке жол жоқ

25. Қай сөйлемде «ма» бөлек жазылатынын көрсетіңіз.

- A) кітапты шала оқы(ма)
- B) біреудің бермесін қиылып сұра(ма)
- C) ертеден кешке дейін далада ойна(ма)
- D) бүгін театрда қойылым бола (ма)
- E) ережені тез оқы(ма)